



ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Патентке кіріспе





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Патентке кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Патент дегеніміз, техникалық ақпаратты ашқаны үшін берілетін шектелген монополия. Осындай саудаласудан соң, өтінім берушіден, оны «сол салада дағдыланған тұлға» пайдалана алуы (немесе әзірлеуі) үшін өнертабысын ашу талап етіледі. Өз кезегінде, мемлекет, (патенттік ведомство ретінде) өтінім берушіге патент береді. Ол өтінім иелеріне өздерінің патенттелген өнертабыстарының пайдаланылу жолдарын 20 жыл уақыт кезеңінде бақылауға айрықша құқық береді. Патентпен қамтамасыз етілген қорғау 20 жылмен шектелген болса да, авторлық құқық туралы заң немесе (мүмкін) тауар белігісін тіркеу қамтамасыз ететін қорғаудан ұзақ емес. Берілген құқықтардың ауқымы анағұрлым кең. Патент иесіне берілетін құқықтар патенттелген өнертабыстың коммерциялық пайдаланылуларының көбісін қамтиды. Бұдан өзге, жауапкер патенттелген өнертабыстан көшірмесе де, құқықтар бұзылған болып саналады. Бір жағынан, патент монополиясының ауқымдылығы, өтінім берушілерге патенттердің, тек, салыстырмалы түрде ауыртпалық түсіретін процесстен басынан-аяқ өткенде ғана берілетінімен ақталады. Туындыны жасаған кезде, автоматты түрде пайда болатын авторлық құқықтан айырмашылығы, патенттер өтінім берушіге тіркеу талаптарын қанағаттандырған соң ғана беріледі. Патентті беру процесі, кейбіреулер қалайтындай деңгейде ауыртпалық түсірмесе де, ол, патенттелген өнертабыстар типтеріне, оларға берілетін монополияның ауқымына және патентте ашылған ақпараттың сипатына бірқатар шектеулер мен кепілдіктерді міндеттейді. Демек, патентті тіркеу патентті беруге арналған жай ғана шарт ретінде ғана емес, саяси мақсаттар жүзеге асырылатын және қолданылатын процесс ретінде қарастырылғаны дұрыс.

Біріккен Корольдікте патент беретін екі орган бар. Өкілеттік беретін бірінші және ең көне орган Интеллектуалдық меншік ведомствосы (UK IPO). (2007-жылдың 2-сәуіріне дейін ИМВ «БК Патент ведомствосы» деп аталды). ИМВ беретін патенттер тек Біріккен Корольдіктің аумағында ғана қолданылады. Британдық патент Ирландия немесе Германияда бұзылмайды. 1978-жылдың 1-маусымынан бастап, Еуропалық патент ведомствосына (EPO) өтініш білдіру арқылы, өнертабыс Біріккен Корольдікте де қорғалатын патентті алуға болады. Еуропалық патент ведомствосы ұлттық патенттер пакетін беретінін атап өткен жөн, яғни бір ғана жалпыеуропалық патент берудің орнына ЕПВ ұлттық патенттер сериясын береді. Араларында аздаған айырмашылық болғанымен, ЕПВ беретін патент БК ИМВ берген патентпен бірдей. Кейінірек өзіміз байқайтындай, тағы бір патент түрін енгізу жоспарда бар: «унитарлық еуропалық патент». Егер ол күшіне енетін болса, Еуропаның түгелін болмаса да, көп бөлігін қамтитын бір ғана патент берілетін болады.

Патентке өтініш Біріккен Корольдіктің ИМВ-ға немесе ЕПВ-ға тікелей беріле алады. Сонымен қатар, аталған ведомстволарға, Патенттік кооперация келісімшартына (PCT) сәйкес, халықаралық жанама өтінім беруге болады. Еуропалық патент конвенциясы, БК патенттеріне өтінімдер беретін қайнаркөз ретінде британдық ИМВ-ның (IPO) орнын алмастырды. Нәтижесінде, Ұлттық патент ведомствосын сақтаудан үлкен пайда келе ме деген сұрақ туындады. 3 Біріккен Корольдікке арналған патент берудің екі жолы болғандықтан, назарға алынуы тиіс, (өзара байланысқан) екі құқықтық режим бар. Олар 2000-жылғы Еуропалық патент конвенциясында түсіндірілген (EPC 2000) және 1977-жылғы Патент туралы заң (PA 1977), соңғысы ЕПК-ға негізделген. Сонымен қатар, патент дауларын қарайтын екі түрлі трибуналдар жиынтығы бар: ЕПВ трибуналдары және британдық дәстүрлі сот құрылымы (патенттердің арнайы трибуналдарына арналған біраз өзгерістері бар).

1977-жылы Патенттер туралы заңның қабылдануы британдық патент заңнамасындағы маңызды өзгеріс болды. Процедуралық және айтарлықтай өзгерістердің енгізілуімен бірге, бұл өзгеріс, Ұлыбританияның Еуропалық патент конвенциясына енгенін білдіреді. 1977-жылдан соңғы заңда көптеген маңызды айырмашылықтар болғанымен, келесі тарауларда біз, 1977-жылғы заңның алдында да болған көптеген тұжырымдамаларды кездестіреміз. Мысалы, өнертабыстың, адамның табиғатқа араласуынан материалдық өзгерістерге әкелетін сипаты қазіргі юриспруденция негізіне айналған және ол он тоғызыншы ғасырдың ортасына таман мықтап орнықты.

Патенттер қандай да бір формаларда болмасын, көптеген ғасырлар бойы бар болса да, негізінен, қазіргі қолданыстағы патент жүйесі он тоғызыншы ғасырда қалыптасты. Шынында, тіркеу процесінің көптеген аспектілері, сонымен қатар, келесі тарауларда қарастыратын көптеген құқықтық тұжырымдамалар да, осы кезеңде айқындалды. Он тоғызыншы ғасырда болған ең маңызды өзгерістердің бірі, патенттер, Тәждің прерогативасы болудан, бюрократия нысанына айналды. Патенттік жүйенің тәжбен бұрынғы байланыстарының кейбір жұрнақтары қалғанымен, патентті, Тәждің прерогативасы ретінен гөрі, әкімшілік процесстің жемісі деп қарастырған дұрыс. Тәжден әкімшілікке өту процесі 1977-жылғы Патент туралы заңмен бекітілді. Сол арқылы Біріккен Корольдік Еуропалық патент конвенциясына мүше болды. Содан бастап патент, тек заң аясында реттелетін болды (бұдан былай ол ешқандай прерогатива емес). Он



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Патентке кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

тоғызыншы ғасырдағы тағы бір маңызды, бірақ көбінесе көзге іліге бермейтін өзгерістердің бірі, патент құқығының ашық бола түсуі. Шынында, патент құқығы бойынша алғашқы кітаптар мен патенттердің заңдылығы мен оған қатысты құқықбұзушылықтар туралы сот шешімдері шыққанан кейін, жекелеген және салыстырмалы түрде бір ізге түсірілген заңдар жиынтығы пайда болды.

Патент жүйесіне айтылған көптеген сыни ескертпелер құқықтық және әкімшілік реформалар арқылы шешілсе де, олар патент жүйесінің ары қарайғы дамуы мен қалыптасуына әлі де пәрменді әсер етті. “1883-жылдан бастап [Екінші Дүнижүзілік Соғыстың] аяқталуына дейін, соттар, патент монополияларын көпшілік мүддесіне қарсы құбылыс ретінде қарастырып келді”.

Париж конвенциясының қолжеткізген жетістіктерінің бірі - “ұлттық режим” принципі енгізуі болды. Бұл принцип бойынша, конвенцияға мүше елден, конвенцияға қол қойған өзге елдердің азаматтарына өз азаматтарындай қарау талап етілді. Конвенцияның тағы ерекше жағы, ол, бір мүше-мемлекетте берілген өтінім басқа мүше-мемлекеттердегі өтінімдерге зиянын келтірмеуін талап етеді. Бұл, неғұрлым соңғы берілген өтінім алдыңғы берілген өтінімнен қарағанда басым ретінде қарастырылатын талап арқылы реттелген. Париж конвенциясы, Берн конвенциясы вторлық құқықтарға қоятыны сияқты, патенттерді минималды түрде қорғау стандарттарын қоймайды.

Патенттерді беруді қолдау мақсатында, комментаторлар, табиғи құқықтарды келтірсе, патент монополияларын беруден қоғамға келетін пайдалар туралы аргументтер барынша кеңінен таралды. Уақыт өте келе аталған аргументтер өзгеріске түсіп отырса да, олардың барлығына ортақ идея мынада: Көпшілік, патент бергеннен келетін зиянды, тек, одан қоғамға қандай да бір, сол зиянды ақтайтын пайда келсе ғана, шегуі керек. Аталмыш аргументтер патент жүйесінің қызметі туралы талқылауларда он тоғызыншы ғасырдан бастап басымдыққа ие боп келеді.

Басында, патент жүйесіндегі көпшілік мүддесі, патент иесі бұрын Біріккен Корольдікте болмаған технология формасын енгізді деген фактіге байланысты туындады. Көбінесе бұл, патент иесінің сауда-саттық немесе кәсіп туралы ақпаратты өзге елден импорттауымен байланысты болды. Уақыт өте келе, бұл негіздеме, көпшілік мүддесі дегеніміз, патентке өтінімді жариялаған кездегі өнертабысты ашу деген аргументпен алмастырылды, яғни негіздеме техникалық ақпаратты құрастыру мен таратуда патент жүйесінің алатын орнына бағытталған. (Мұны көбінесе патент жүйесінің «ақпараттық қызметі» деп атайды).

Патент жүйесінің негізгі мақсаты ғылыми және өндірістік себептерге байланысты техникалық ақпаратты ашу болғанымен, бүкіл әлем бойынша патент ведомстволарында жинақталған ақпарат, кейде басқа мақсаттарға да пайдаланылады. Мысалы, тарихшылар, патент жүйесін, қоғамның түрлі технологияларға деген қарым-қатынасының индикаторы ретінде пайдаланды.

Атап айтқанда, патенттер өнертабысты 20 жыл мерзімге пайдалану мүмкіндігін беретіндіктен, инвесторлар зерттеулер мен әзірлемелерді қаржыландыруға барынша ықыласты болады делінеді. Бұл жағынан алып қарағанда, патенттер ғылыми және техникалық зерттеулерді коммерциялық саламен байланыстырушы вектор қызметін атқарады.

Біріккен Корольдікте патенттің туындауы мен пайдаланылуын реттейтін Заң ұлттық, еуропалық және халықаралық элементтердің қосындысынан тұрады. Бұл бөлімде, біз, келесі тарауларда бетпе-бет келетін заңнамаға, конвенциялар мен келісімдерге кіріспе береміз. Алдымен, ең маңызды режимдерден бастаймыз, атап айтқанда, Еуропалық патент туралы конвенция мен 1977-жылғы Патент туралы заңды қарастырамыз. Содан соң, Еуропалық Комиссияның патент құқығына әсерін талқылаймыз. Ары қарай, Патент туралы Қауымдастық конвенциясымен танысқаннан кейін, британдық патент құқығын қалыптастырған бірқатар халықаралық келісімдерді қарастыруға көшеміз. Атап айтқанда, Патенттік кооперация келісімін, Интеллектуалдық меншік құқықтарының сауда-саттықпен байланысты аспектілері жөніндегі келісімді (TRIPS) және Биологиялық алуантүрлілік туралы конвенцияны талқылаймыз.

90-жылдар барысында, қол қойылған 1973-жылдан бастап бері қарай орын алған технологиялық, саяси және құқықтық өзгерістерге орай, ЕПК-ға өзгерістер енгізу шақырылды. Осы мақсатта, 2000-жылдың қараша айында конвенцияны қайта қарастыруды талқылау үшін Мюнхенде конференция өтті. 51 Ол, дербес патент құқығының әбден пісіп-жетілген принциптері мен процедураларын сақтай отырып, еуропалық патент жүйесін модернизациялауға бағытталды. Сонымен қатар, конференция, техникалық және заңдық өзгерістер мен 20-жылдық практикалық тәжірибені ескере отырып, ЕПК-ны (ЕПС) жан-жақты қайта қарап шығуды да мақсат тұтты.

Еуропалық патент жүйесінде бұрыннан бері келе жатқан қиындықтардың бірі аударманың құнына байланысты. Патенттердің атқаратын ақпараттық рөлін ескерсек, еуропалық патенттер 38 мүше-мемлекетке



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Патентке кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

берілген кезде (23-тен аса түрлі тілдерде) ЕПВ бетпе-бет келетін қиындықтардың арасындағы негізгілердің бірі аудармамен байланысты болуы таңдандырмайды. Осындай қиындықтардың көбісі қосымша жасалған Лондон Келісімінің арқасында жеңілдетілді. Ол Еуропалық Одақ пен Біріккен Корольдікте 2008-жылдың 1-мамырында күшіне енді. Кейінірек байқайтынымыздай, біріңғай патент жиынтығының бір бөлшегі ретінде, Комиссия, жақында жаңа регламентация қабылдады. Ол енгізілсе, аударманың құны бұдан да төмендей түседі.

ЕПК аясында аударманың қиындықтар туындатуының және осыған орай Лондон Келісімінің ұйымдастырылуының себебі, ЕПК 2000-ның 65-бабы (ЕПК 1973-те де солай болатын) мүше-мемлекеттерге патенттің ұлттық тілге аударылуын талап етуге рұқсат етуімен байланысты, әрі бұл патенттің жарамдылығы үшін міндетті шарт. 61 Мысалы, 2008-жылдың 1-мамырына дейін, ағылшын тіліндегі емес Еуропалық патент (Ұлыбритания) Біріккен Корольдікте жарамды болуы үшін, патент берілген уақыттан бастап үш айдың ішінде ағылшын тіліне аударылуы керек болатын. Мүше-мемлекеттердің санының артуына байланысты, аударманың құны да өсті. Аудармаға кететін шығындарды ескере отырып (орташа бағаммен алғанда €3,800 тұратын патенттің жалпы құнының 40 процентін құрайды), оған байланысты көп санның айтылуы да орынды. Аударма құны туралы алаңдаушылықтарға әсер еткен факті - патент туралы даулардың көбісі аударылған мәтінге емес, «аутентті» (ағылшын, неміс немесе француз тілінде жарияланған) мәтінге негізделетіндіктен, ұлттық тілдердегі аудармалар артық деген пайымдама айтылды.

Бұрын айтылғандай, халықаралық шарттар британдық патенттік құқықтың аспектілерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Париж Конвенциясына қоса (алдында талқыланған), өзге де назар аударарлық шарттардың қатарына Патенттік кооперация туралы Шарт (PCT), Зияткерлік меншік құқықтарының сауда-саттықпен байланысты аспектілері жөніндегі Келісім (TRIPS) Биологиялық алуан түрлілік туралы Конвенция (CBD) кіреді.

Ұсынылып отырған біріңғай патентке байланысты бірқатар тұрақты қиындықтар бар. Мысалы, оптималды сот инстанциясын таңдаудың қосарлану әсері туралы, судьялардың дайындығы мен сапасы және біріңғай патентті пайдаланудың, әсіресе шағын және орта кәсіпорындар үшін артық шығындары туралы алаңдаушылықтар білдірілді. Оған қоса, біріңғай патент пакеті, Еуропадағы патент құқығын консолидациялаудың орнына, оның аумақтық тұрғыда да, жекелеген тұрғыда да фрагменттелуіне әкеліп соқтырады делінді.